

31.08.2023жыл

Бұйрық №113

**«Мектепте 2023-2024 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және каникул
кезеңдерін айқындау туралы»**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауына, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын», Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте 2023 – 2024 оқу жылының басталуы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2023 – 2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр;
- 2) оқу жылының ұзақтығы 1 – сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2 – 11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері;
1 – 11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21–31 наурыз аралығында);
1 – сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5–11 ақпан аралығында).

2. Бұйрықтың мазмұны барлық ата-аналарға, мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне жеткізілуі қамтамасыз етілсін.

3. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023–2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.



Мектеп директоры:

Парманова Г.А.